

# КАНАДА



- Канада  
Жерінің ауданы –9млн 970мың шаршы км.  
Халқы- 34,1млн адам.  
Астанасы –Оттава  
Мемлекеттік құрылымы-Британ Бірлестігі  
құрамындағы парламенттік конфедерация  
Мемлекеттік басшысы – Ұлыбритания королевасы  
Үкімет басшысы- премьер-министр.  
Заң шығарушы органы-екі палаталы парламент.  
Мемлекеттік тілі- ағылшын және француз тілдері  
Ақша бірлігі – канада доллары
- Әкімшілік- аумақтық бірлігі- провинциялар және аумақтар



*Канада – Солтүстік Америка құрлығында орналасқан алып мемлекет. Астанасы – Оттава қаласы. Канада өзінің жерінің кең-байтақтығымен ғана емес, сондай-ақ көптеген арктикалық архипелагты аралдарымен ерекшеленеді. Канаданың жағалауларын Атлант мұхиты, Тыных мұхиты және Солтүстік Мұзды мұхит шайып жатыр. Көрші елдерінің ең үлкені АҚШ, одан басқа Даниямен (Гренландия аралы) және Франциямен (Сен-Пьер и Микелон (франц. Saint-Pierre-et-Miquelon) аралдары қауымдастығы) көршілес орналасқан. Канаданың АҚШ-пен шектесетін оңтүстік және Аляскадағы солтүстік батыс шекарасының ұзындығы 8893 км. құрайды. Табиғаты керемет. Ормандар мен таулы аймақтарға, туристік мекендерге толы әлемнің сұлу бір мекені*



# Географиялық орналасуы

Территориясының ауданы 9 984 670 шаршы км.. Оның ішінде құрлықтың жері 9 093 507 шаршы км., сулы жері 891 163 шаршы км.. Канаданың территориясының басым бөлігі жазықтық болып келеді. Канада жерінің аумағы бойынша (суларымен қосақанда) әлемде екінші орынды иеленеді, ал Солтүстік Америка материгінде ең үлкен ел болып табылады. Канада аталған материктің солтүстігін түгелімен алып жатыр деп айтуға болады, тек АҚШ-қа тиесілі Алясканы қоспасақ. Елдің солтүстігіндегі жерлердің көбі Арктикалық аймаққа кіреді. Ол жерлерде үнемі мұз жатады немесе екі жылдай уақыт бойы температура нөлден төмен болып сақталады. Канаданың тағы бер географиялық ерекшелігі – әлемдегі ең ұзын жағалау шекара Канадаға тиесілі. Жалпы ұзындығы 202 080 км.-ге тең жағалаулық шекарасы бар. Канаданың таулы аймақтары мен жазық жерлері геологиялық жағынан сезімтал келеді. Жер сілкінісі мен вулкандардың атқылауы қалыпты жағдай. Мигер тауларында және Эдзиза тауларында үлкен жанартаулар (вулкандар) орналасқан.

# Астанасы – Оттава



# КАНАДА ТУЫ және ЕЛТАҢБАСЫ



# Халқы мен діні

2006 жылы жүргізілген санақтың нәтижесі бойынша Канаданың халқының саны 31 612 897 адамды құраған. Негізінен, халықтың басым бөлігі иммигранттардың есебінен артып отырған. Канадалық халықтың этникалық құрамы жағынан ағылшындар алғашқы орында (21%), одан кейінгі орындарда француздар (15,8), шотландықтар (15,2%), ирландиялықтар (13,9%), немістер (10,2%), итальяндар (5%), қытайлар (3,9%) және украиндар (3,6%). Бұлардан бөлек канадалық Аборигендер де бар. Олардың үлес салмағы 3,6% болады. Қазіргі кездегі деректер бойынша Канада халқының саны 34 миллионға жеткен. Канаданың жері ұлан-байтақ болғанымен, халықтың орналасу тығыздығы бойынша ең төменгі көрсеткішке ие елдердің қатарына кіреді. Халықтың орналасу тығыздығының орташа көрсеткіші: бір шаршы км.-ге 3,3 адамнан ғана келеді.



# Эскимостар мен үндістер



# Ақша бірлігі – канадалық доллар



Луни деп аталатын тиын доллары

# Қазақстан мен Канаданың ұқсастығы:

- 1) Екеуіде жақсы дамыған
- 2) Жер көлемі жағынан  
шамалас
- 3) парламенттік  
республикалар.

# Қазақстан мен Канаданың айырмашылығы:

- 1) Екі мемлекет екі материкте орналасқан
- 2) Тілдері, діндері әртүрлі
- 3) Тағамдары, салт-дәстүрлері әрқалай



Канадаға барарымда:  
ақша, фотоаппарат, құжаттар  
апарамын



Канададан қайтарымда:  
сувинерлер, сыйлықтар, әдемі  
суреттер алып қайтамын



**Тайм-менеджмент:  
профайлинг аса қиындық  
тудырған жоқ, 40 минутта  
жасадым**

**Интенсификация: ешқандай  
қиындық тумады.**